

2006 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама шенберінде Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттікті растайтын ресми құжаттарды тану тәртібі туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 28 наурыздағы № 308-VI ҚРЗ.

2006 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама шенберінде Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттікті растайтын ресми құжаттарды тану тәртібі туралы 2018 жылғы 22 тамызда Астанада және 2018 жылғы 1 қарашада Ереванда жасалған ноталар алмасу нысанындағы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

К. ТОҚАЕВ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
№ 15-68215/3557**

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өз ілтишатын білдіре отырып, мынаны хабарлауды мәртебе деп санайды.

2006 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама шенберінде ынтымақтастықтың тиімді және оңайлатылған тетігін жасауға ұмтыла отырып, ресми құжаттарды тану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Армения Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі - Тараптар) мынаны айқындауды ұсынады.

1. Бір Тарап мемлекетінің уәкілетті органы берген және оның елтанбалы мөрімен бекемделген құжаттар екінші Тарап мемлекетінің аумағында қандай да бір арнайы куәландырусыз, оның ішінде апостиль қойылмай немесе консулдық зандастырусыз қабылданады. Бір Тарап мемлекетінің аумағында ресми құжаттар ретінде қаралатын мұндай құжаттар екінші Тарап мемлекетінің аумағында ресми құжаттардың

дәлелдемелік күшіне ие болады. Танудың осы тәртібі 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары берген ресми құжаттарға қолданылады.

2. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

3. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтатқанша күшінде қалады. Әрбір Тарап осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін ағымдағы құнтізбелік жыл аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын оның қолданысын тоқтатуға өзінің ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабардар ете отырып, осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады.

Бұл жағдайда осы Келісім осындай хабарлама алынған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

4. Армения Республикасының Үкіметі жоғарыда баяндалғанмен келіскең жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан осы нотаны және Армения Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауап нотасын 2006 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама шенберінде Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттікті растайтын ресми құжаттарды тану тәртібі туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім деп есептеуді ұсынуды мәртебе санайды, ол Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы жағдайды пайдалана отырып, Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің зор құрметін білдіреді.

2018 жылғы 22 тамыз, Астана қаласы

Бейресми аударма

**АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

1111/11635

Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өз ілтиратын білдіреді және Армения Республикасының Үкіметі атынан 2018 жылғы 24 тамызда № 15-68215/3557 мынадай мазмұндағы нотасын алғанын растауды мәртебе деп санайды.

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Армения Республикасының Сыртқы министрлігіне өз ілтипатын білдіре отырып, мынаны хабарлауды мәртебе деп санайды.

2006 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметінің арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның шенберінде ынтымақтастықтың тиімді және оңайлатылған тетігін жасауға ұмтыла отырып, ресми құжаттарды тану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Армения Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі - Тараптар) мынаны айқындауды ұсынады.

1. Бір Тарап мемлекетінің уәкілетті органы берген және оның елтаңбалы мәрімен бекемделген құжаттар екінші Тарап мемлекетінің аумағында қандай да бір арнайы куәландырусыз, оның ішінде апостиль қойылмай немесе консулдық заңдастырусыз қабылданады. Бір Тарап мемлекетінің аумағында ресми ретінде қаралатын мұндай құжаттар екінші Тарап мемлекетінің аумағында ресми құжаттардың дәлелдемелік күшіне ие болады. Танудың осы тәртібі 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары берген ресми құжаттарға қолданылады.

2. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

3. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтатқанша күшінде қалады. Әрбір Тарап осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін ағымдағы құнтізбелік жыл аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын оның қолданысын тоқтатуға өзінің ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабардар ете отырып, осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады.

Бұл жағдайда осы Келісім осындай хабарлама алынған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

4. Армения Республикасының Үкіметі жоғарыда баяндалғанмен келіскен жағдайда, осы нотаны және Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігінің жауап нотасын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметінің арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның шенберінде Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының мемлекеттік органдары берген резиденттікті растайтын ресми құжаттарды тану тәртібі туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім деп есептеуді ұсынуды мәртебе санайды, ол Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған қүннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі осы жағдайды пайдалана отырып, Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің зор құрметін білдіреді.".

Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігі Армения Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2018 жылғы 22 тамыздағы № 15-68215/3557 нотасын және осы нотаны 2006 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның және оған Хаттаманың шенберінде осы нотаны Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттікті ратайтын ресми құжаттарды тану тәртібі туралы ноталар алмасу нысанындағы Келісім деп санаудын келіскені туралы хабарлауды мәртебе деп санайды.

Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы жағдайды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің зор құрметін білдіреді.

Ереван 2018 жылғы 1 қараша

2006 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама шенберінде Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттікті ратайтын ресми құжаттарды тану тәртібі туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің қазақ тілдегі мәтінінің түпнұсқа тілдегі мәтінге сәйкес келетінін ратаймын.

Қазақстан Республикасы

Каржы министрлігі

Құжат айналымы Департаменті

Құжаттарды редакциялау және

лингвистиканың саралтау

басқармасының басшысы

Б.М.Ахметжанова